

Он мыңнан астам қызметкер қысқартылды

Полицейлердің саны 11 пайызға қысқартылды. Бұл туралы ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Ішкі істер органдарын реформалау – ол уақыт талабы. Осыған орай Елбасы Жол картасын әзірлеу туралы тапсырма берді. 2019 – 2021 жылдарға арналған бағдарлама өз нәтижесін бере бастады. Алғашқы кезеңде полицейлердің саны 11 пайызға қысқартылды. Профилактиканы күшейту үшін қызметкерлер мектеп, көше, қоғамдық орындарға жіберілді. Шетелден келген қонақтар үшін алты облыста туристік полиция ашылды», - деді министр ішкі істер органдарын жаңғыртуға арналған Жол картасын іске асыру бойынша Парламент Сенатындағы Үкімет сағатында.

Жалпы, Жол картасы 9 басты бағытты көздейді, олардың әрқайсысы бойынша өткен жылы бірқатар жұмыстар атқарылды.

«Бірінші бағыт ұйымдастырушылық-шаралық құрылымды оңтайландыруға негізделген. Осы бағыттың мақсаты – ықшам аппаратты құру. Бұл тұрғыда 100 мың тұрғынға шаққанда полицейлер санын орташа еуропалық деңгейге дейін жеткізу ескерілген. ІІМ және оның ведомстволарының функцияларына талдау жүргізілді, олардың қорытындысы бойынша 106 артық басқару буындары және 1 483 басшылық лауазымдар таратылды. ІІМ қызметкерлері саны 11 пайызға кеміді, яғни 10 592 қызметкер қысқартылды», - деді Е. Тұрғымбаев.

Осы орайда 16 млрд теңгеге жуық қаржы үнемделді.

«Нәтижесінде 100 мың тұрғынға шаққандағы полицейлердің саны 471-ден 393-ке дейін азайды. Бұл орташа еуропалық деңгейге сәйкес келеді», - деді ведомство басшысы.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте

Қостанай облысы ПД баспасөз қызметі хабарлауынша жақында Қостанайда мемлекеттік қызметкерлер арасында қазақ тілінен облыстық байқау өтті.

«Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығында мемлекеттік қызметкерлер арасында «Үздік тыңдаушы» интеллектуалды жарысы ұйымдастырылды.

Байқауға орталықта мемлекеттік тілде білім алып жатқан тыңдаушылар қатысып, қазақ тілінде сауатты сөйлеу-жазу шеберліктерін көрсетті. Бұл байқау мемлекеттік ұйымдарда қазақ тілінің мәртебесін көтеруді және азаматтардың сауатты сөйлеуін көздейді. Биылғы жарыста 9 мекеменің өкілі бақсынасты. Қостанай облысы Полиция департаментінің атынан жедел ден қою жасағының 4 инспекторы қатысып, қазақ тілінің білгілері екенін көрсетті.

Жарыс «Мен өз елімнің патриотымын», «Салт-дәстүр», «Тыңдалым», «Жазылым» атты 4 кезеңнен тұрды. Барлық белестен сүрінбей өткен қатысушы жеңімпаз атанады. Байқау қорытындысы бойынша, Қостанай облысы ПД жоғарыда аталған жасақ инспекторы Талғат Нұрахметов пен ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қызметкері Ұланбек Сәрсенов 3-орынды иеленді. Ал Қостанай облысы әкімдігінің Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының қызметкері Маржан Сейдахметова 2-орынды жеңіп алса, Қостанай облысы бойынша Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қызметкері Еркебұлан Хамзин 1-орынға лайықты деп танылды. Сондай-ақ, 5 тыңдаушыға алғыс хат табысталды. Олардың ішінде Қостанай облысы Полиция департаменті жедел ден қою жасағының инспекторлары Максим Бухметов, Сұлтан Ахметші, Арман Бірімжанов та бар.

«Шын жүйірік бәйгеде біленді» демекші, өзіміздің білімімізді бүгінгі байқауда көріп білдік. Өлі де үйренетініміз көп. Сондықтан, қазақ тілімен қатар, ұлттық салт-дәстүр де жетілдіруді жалғастырамыз, - дейді жарыс жүлдегері Талғат Нұрахметов.

Әкім орталықты аралап, жұмысымен танысты

Жақында өңір басшысы Архимед Мұхамбетов «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық емес корпорациясының нысандарын аралады. Бүгінгі тыныс-тіршіліктерімен танысты.

Қостанай қаласындағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында тұрғындарға шетелдік көліктерді тіркеу тәртіптері түсіндірілді. Облыс әкімі көлігін тіркеген жетінші тұрғынмен тілдесті. Ол көлігін Армениядан әкелген.

– Автокөліктерді тіркеу заң аясында жүреді. Сырттан құны арзан көлік әкелген екенсің, оны еліміздің жолдарында емін-еркін қатынай алатындай етіп рәсімдеу керек. Міндетті түрде қазақстандық нөмір алу қажет. Өйтпесе, көлікті тұтастай болсын, бөлшектеп болсын, сатудан басқа амалың жоқ. Өткенде «Қостанай таңынан» полиция қызметкерлерінің



көліктерді уақытша тіркеу мәселелеріне қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатқанын оқығанмын. Мұндай жұмыстың ауқымын әлі де кеңейте түсу қажет сияқты. Адамдар шетелден алған көлігін тіркеудің артықшылықтарын әлі де толық түсіне алмай жатыр, - дейді көлік иесі.

Архимед Бегежанұлы тіркеуге жұмсалатын уақытты 15-20 минутқа дейін қысқартуды тапсырды. Ал «Азаматтарға

арналған үкімет» коммерциялық емес корпорациясы облыстық филиалының басшысы Қанат Төлепұлының айтуынша, облыс орталығына тағы бір цифрлық ХҚКО қажет.

– Егер қажет деп тапсаңыздар, қала әкімдігі ғимарат бөлсін. Тиісті нысанды таңдап алып, бірінші қабаттан ХҚКО ашайық. Бірақ барлығы заң аясында, конкурс жариялау арқылы жүзеге асырылады. Бұған қоса көліктерді тіркеуге байланысты түсінік жұмыстарын күшейту қажет. Өсіресе оң жақ рөлді көліктердің жағдайын дұрыс, нақты жеткізіңіздер, - деді облыс әкімі.

Әкімшілік полициясы басқармасы, кеден және салық органдары мамандары ХҚКО-да демалыссыз жұмыс істейді. Уақытша тіркеу үшін орталыққа көліктің техникалық төлқұжаты мен мемлекеттік нөмірін тапсыру қажет. Ал мемлекеттік баж салығы көліктің шыққан мерзіміне байланысты салынады.

Курсанттар «Абай оқулары» байқауына қатысты

2020 жылдың 19 ақпанында Әмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде Халқымыздың ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу қарсаңында Жоғары оқу орындарының және колледж студенттерінің арасында өңірлік «Абай оқулары» байқауы өткізілді.

Аталған байқауға Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Кәсіби даярлық факультетінің полиция қатарындағы 2-курс курсанты Ержан Турабеков, полиция қатарындағы 3-курс курсанты Айзада Ибрагим, полиция қатарындағы 3-курс курсанты Жанерке Жексентай, полиция қатарындағы 3-курс курсанты Ақжүніс Ахметова қатысты.

Байқаудың мақсаты: қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу, Абай туындыларын насихаттау, Абай шығармалары арқылы көркемсөз оқу шеберлігін, тіл мәдениетін жетілдіру, эстетикалық талғам мен тұлғалық қасиетті насихаттау, ұлылар шығармаларына ұлттық рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

«Абай оқулары» байқауы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Абай қара сөздері – тағылымды мұра», «Ұйықтап жатқан жүректі өн оятар» атты номинациялар бойынша өтті. Аталған байқаудың төрешілері: Қазақстан Республикасы БҒМ О.Әуезов атындағы өнер және әдебиет

институты абайтану және әдебиет тарихы бөлімінің меңгерушісі, профессор Серікқазы Қорабай, І.Омаров атындағы қазақ драма театрының әртісі, «Мәдениет қайраткері», «Ерен еңбегі» медалінің иегері Қонысбек Бегайдаров, республикалық ақындар айтысының лауреаты, «Қостанай облыстық Ұ.Алтынсарин мемориалдық музейі» басшысының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары Салтанат Етелбаева, «QOSTANAI» телеарнасының басшысы Ербол Ипбергенов, мәдениет қайраткері, Қостанай облыстық филормонияның әншісі, мәдениет саласының үздігі Гулбану Абдулина, Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты басқармасының бас маманы Айна Елубай, А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ көптілдік орталығының жетекшісі Айкүміс Абдибекова.

Байқауға 63 өтінім ұсынылды. Байқау барысында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде Абай Құнанбайұлының өлеңдері, әндері айтылып, 170, 150-ге жуық өлеңдерімен 45 қара сөзін жатқа білетін небір зерек де білімді жастарымыз көрермендерді таңқалдырды. Біздің де курсанттарымыз ведомстволық оқу орнында білім алып жүрсе де, қазақ поэзиясының айыбын Абайдың өлеңдерін, қара сөздерін мәнерлеп жатқа оқып, әндерін сахнада шырақды.

Шаңғыдан жарыс өтті

2020 жылғы 15 ақпанда Қостанай станциясындағы ЖПБ басшылығымен көліктегі ішкі істер органдары құрылуының 101 жылдығына байланысты бірқатар іс - шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

Жеке құрам отбасыларымен бірге қала сыртына «Алтын қырғауыл» дем алу аймағына шығып, «Әке, ана және мен - спорттық отбасы» шаңғы және эстафеталық-ойын бойынша жарыс ұйымдастырды.

Жарысты Қостанай ст. ЖПБ бастығы полиция полковнигі А.Б. Исин ашып, жеке құрамды құттықтап, қызметтік жолында сәттілік, отбасына береке және жарыста жеңістер тіледі.

Жарысқа қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері қатысты. Шаңғы жарысы бойынша 1-ші орынды Қостанай



ст. ЖПБ криминалисі полиция лейтенанты О. Иржан, 2-ші орынды Қостанай ст. ЖПБ ТҚЕТ-нің полицейі – жүргізушісі полиция сержанты Р.Р. Ибрагимов, 3-ші орынды Штаб-инспекторы полиция аға лейтенанты Ж.Е. Аймағамбетов жеңіп алды. «Әке,

Ел тарихында өшпес із қалдырған ұлы ойшыл Абай шығармаларының асыл мұрасын насихаттау, дәріптеу әрбір азаматтың міндеті деп білемін. Осы бағытта өткізілген тағылымы мол тамаша іс-шаралар болашақ жастарымыздың шабытын шыңдап, жігеріне қайрат беріп, еңбекке, отансүйгіштікке, бауырмалдық пен достыққа баулытып, ұлттық рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, еліміздің көркеюі мен дамуына зор үлестерін қосады деп сенемін. Байқаудың соңында төрешілер әр номинация бойынша жастарды марапаттап, естелікке суретке түсті.

**Орынбасар УАҚПАЕВА,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Ш.Қабылбаев
атындағы Қостанай
академиясының
баспасөз қызметі**

ана және мен - спорттық отбасы» шаңғы жарысында Ағаділовтардың отбасы жеңіп алды. Барлық жеңімпаздарға грамоталар, кубоктар, медальдар және бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Жарыстан кейін дем алу аймағында балалардың сырғанақ тебуі, шаңғы мен коньки тебуі ұйымдастырылды. Қысқы жылы ауа райы және қала сыртындағы таза ауа дем алуға мүмкіндік жасады.

Қостанай ст. ЖПБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі С.Т. Мурзамағамбетова аталған іс-шаралар қызметтік жұмысындағы нәтижелеріне оң әсер беретінін, ұжым арасында моральдық- психологиялық ахуалын нығайтуға және жұмыс нәтижелерін сапалы жақсартуға нәтиже беруге мүмкіндік беретініне сенімді.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

Біліктілікті арттыру курсынан өтті

«Қазақстан Республикасында браконьерлікке қарсы күрес бойынша шараларды заңнамалық қамтамасыз ету» тақырыбында алғашқы біліктілікті арттыру курсы өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында браконьерлік қылмысқа тоқталған болатын. Браконьерлік табиғатқа, елімізге зиянын келтіруде. Еске сала кетсек, жануарлар әлемін қорғау кезінде қаңтар және шілде айларында екі қорықшы браконьерлер қолынан көз жұмды. Браконьерлер қызыл кітапқа енген киіктерді атып, көзін құртқан.

Осы тұста Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі арасындағы келісім шеңберінде Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің мамандандырылған және табиғатты қорғау ұйымының аумақтық бөлімдерінің инспекторларына арналған «Қазақстан Республикасында браконьерлікке қарсы күрес бойынша шараларды заңнамалық қамтамасыз ету» тақырыбында алғашқы



біліктілікті арттыру курстары өткендігін айта кеткен жөн.

Аталған курсқа Қазақстанның түкпір-түкпірінен 22 инспектор келді. Курс өту кезінде Арқалық қаласынан келген Талғат Әмірұлымен және Еркебулан Оразұлымен сұхбаттастық. Сұхбат аясында инспекторлар ведомстволық оқу орнына бірінші рет аяқ басып, біліктілікті арттыру курсына алғаш рет оқып жатқандығын айтты. Сонымен қатар күнделікті атқарып жатқан қызметтік жұмыстарына да тоқталып кетті. Мәселен, Талғат Әмірұлы 12 жыл қызмет атқарса, ал Еркебулан Оразұлы осы қызметте 3 жыл қызмет атқарып келеді. Олар табиғатты, киелі жануарларды, орман шаруашылығын қорғауды мақсатымыз деп санайды.

Курстың бірінші күнінен бастап, заңгерлік даярлық, қылмыстық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық даярлық, арнайы тактикалық даярлық бөлімдері бойынша дәріс алып жатқандығын айтты. Сонымен қатар бүгінгі таңда табиғатты қорғаумен айналысатын қызметтердің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту мақсатында жаңа жабдықтау нормативтері, браконьерлікпен күресу үшін заманауи технологияларды

енгізу қарастырылғанын жеткізді.

Академияда білім беріп жүрген білікті де кәсіби профессорлық-оқытушылық құрамына алғыстарын білдіре келіп, оның ішінде А.Ақылбекова, М.Смағұлов, М.Олексюктің берген дәрістері қатты ұнағанын айтты.

Курс аяқталған соң, Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция полковнигі Н.Биекенов инспекторлардың барлығына курсты толық аяқтағандары туралы сертификат табыстады.

**Орынбасар УАҚПАЕВА,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
Баспасөз қызметі**

Қаза болған әріптестерін ұмытпайды

ҚР ІІМ Көліктегі ПД Қостанай станциясындағы ЖПБ ұжымы қызметтік борышын атқару барысында қаза болған полиция қызметкерлерін есте сақтап, олардың отбасыларына көңіл бөліп отыруды естерінен шығармайды.



Мәселен, 2020 жылғы 17 ақпанда ҚР ІІМ Көліктегі ПД кадр саясаты басқармасы бастығының орынбасары полиция подполковнигі Бағлан Жарылқасынұлы, Қостанай станциясындағы ЖПБ басшылығымен және еріктілердің қатысуымен бірге қызметтік міндетін атқару барысында қаза тапқан Қостанай станциясындағы ЖПБ қызметкері Қожабаев Азамат Тюлеубайұлының қызы мен жесірі Қожабаева Венера Гауезханқызымен кездесіп, еске алды. Қызметтік борышын атқару барысында қаза болған полиция қызметкерінің отбасына бағалы сыйлықтар мен гүлшоқтар табыс етілді.

Қожабаев Азамат Тюлеубайұлы 2012 жылы қызметтік борышын атқару барысында қаза тапты. Сергіз жыл бойы Көліктегі ПД қызметкерлері қаза болған қызметкерді ұмытпай, оның отбасына көмек көрсетіп, көңіл боліп отырады. Томирис әкесінің әріптестерін қуанып қарсы алды.

А.Т. Қожабаевтың отбасы көлік полиция қызметкерлеріне көрсеткен көмегіне шын көңілден алғысын білдірді.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

Қиын жағдайдағы балалар жайы алаңдатады

Дана халқымыз сан ғасырдан бері «Адамның бақыты - балада» деп, баласының ер жетіп азамат болуына бар өмірін арнап, жиган-тергенін балаларының жолына, қолына берген.

Кез келген адам баға жетпес бақытты ұрпағының жалғасып, өсіп-өнуін тілейтіні белгілі. Ал, қазіргі таңда кейбір жандар өз бақытын байлықтан, мансап пен қызметтен іздейтін сияқты.

Соның есебінен елімізде жәутендеген қара көздердің саны едәуір артуда. Кейбір ата-ана тұрмыс жағдайын, тағдыр тауқыметін сылтау етіп, балаларынан бас

тартады. Көзі қиып, жүрегі шыдап, шырылдаған сөбіін панасыз қалдырған тасбауыр жандар жер басып қалай жүреді екен? Осындай қатыгездіктің салдарынан бейкүнә балалардың қандай жазығы бар? деген сұрақтар туындайды.

2020 жылғы 13 ақпанда Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша оқитын 3-курс курсанттарының «Халықтың түрлі санаттарымен әлеуметтік жұмыс» пәнінің аясында «Қостанай қаласының өмірлік қиын жағдайдағы балаларды қолдау

орталығына» көшпелі сабағы ұйымдастырылды.

Өмірлік қиын жағдайға түскен үш жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға орталықты 6 айға дейін паналауға болады. Орталықта 40 орын бар, қазіргі таңда мұнда 32 бала тұрып жатыр. Балалардың көбі №122 орта мектепте білім алады екен. «Орталықта балаларға барлық жағдай жасалған, бірақ кез келген бала ата-ананың аялы алақанына зәру. Осы жылдар ішінде қанша бала келіп, қаншасы кеткені есімде жоқ. Орта есеппен жүз бала келіп кетеді. Кетеді дегенде, бірі жаңа отбасыға, енді бірі жасы келгенде жетімдер үйіне, тағы бір бөлігі - ерекше

қажеттілігі бар (мүгедек) балаларды оңалту орталығына жіберіледі», - дейді орталықтың әлеуметтік-педагогы Гүлбану Альбековна.

Көшпелі сабақ барысында курсанттар өмірлік қиын жағдайға түскен балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің ерекшелігімен танысты.

**А. ТАНКИБАЕВА,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев
атындағы Қостанай
академиясының
ІІО әлеуметтік
жұмысты ұйымдастыру
кафедрасының
оқытушысы
полиция майоры**

Ішкі істер органдарында жазаға қанша басшы тартылды

2019 жылы ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлық деңгейі 34 пайызға азайды. Бұл туралы елордада ҚР ІІМ Өзіндік қауіпсіздік департаментінің басшысы Арман Саданов мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі,

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері ішкі істер органдарын модернизациялау жөніндегі жол картасына енгізілген. Қабылданған шаралардың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық деңгейі 2019 жылы 34 пайызға қысқарды. Сыбайлас жемқорлық қылмысының 68 пайызын

Өзіндік қауіпсіздік департаменті күштері анықтады. Жауапқа тартылған қызметкерлердің саны айтарлықтай төмендеді», - деді А. Саданов.

Оның сөзіне қарағанда, ішкі істер органдарының басшылық құрамына қойылатын талаптар күшейтілді.

«2019 жылы бағынышты қызметкерлеріне қатысты төтенше оқиғалар үшін 1 283 басшы тәртіптік түрде жазаланды», - деді департамент басшысы.

А. Садановтың айтуынша, оның ішінде 95-і қызметінен шығарылды, 242-сі атқарған лауазымынан босатылды.

Елордада өткен осы баспасөз мәслихатында

ҚР ІІМ Өзіндік қауіпсіздік департаментінің басшысы Арман Саданов мәлім еткеніндей, 2020 жылдың басынан бері 16 полиция қызметкері пара алғаны үшін ұсталды.

«Ұсталғандардың арасында жол-патрульдік полициясының қызметшілері, тергеушілер, сондай-ақ ҚАЖ комитеті құрамындағы мекемелердің өкілдері бар. Статистикалық ақпаратқа қарағанда, әр өңірде бір адамнан анықталды. Биыл Алматы, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда облыстарында осындай оқиғалар тіркелмеді. Алған параның ең жоғары сомасы 100 мың теңгені құрады.

Ал Петропавлда екі млн теңге сомасында полицейдің пара алу күдігіне іліккені белгілі болды», - деді департамент басшысы.

Сонымен қатар ол көлікке мас күйінде отырған полицейлер туралы айтып берді.

«Осы жылы мас күйінде көлікті басқарған 18 қызметші анықталды. Олардың, әрқайсысы 7 жылға өзінің куәлігінен айырылады, 15 тәулікке қамалады, сондай-ақ міндетті түрде қызметінен босатылады», - деді А. Саданов.

Күзет саласындағы заңнамаға өзгерістер енгізілмек

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Арман Қожахметов күзет қызметі туралы заңнамаға ұсынылған өзгерістерді айтып берді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«2019 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда күзет қызметінің 5 129 субъектісі тіркелген, онда 97 мың күзетші жұмыс істеп жатыр. Сонымен бірге, күзеттің техникалық жабдықтарының

монтажымен және оларға қызмет көрсетумен айналысатын 1 145 субъект бар. Жүргізілген талдау шаралары күзет қызметінің сапасын көтеру, осы кәсіпкерлік түрін ары қарай дамыту мүмкіндігін көрсетуде. Осыған байланысты заңнамаға кейбір өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады. Бұл өз кезегінде күзет қызметін жетілдіруге жол ашады», - деді А. Қожахметов Өділет министрлігінде өткен ведомствоаралық комиссия отырысында.

Оның сөзіне қарағанда, жеке күзет ұйымдарының ұйымдастырушылық, материалдық, кадрлық әрі басқа да мүмкіндіктерін ескере отырып, заң жобасында күзет қызметін іске асыруға берілетін лицензияларды түрлері бойынша бөлу қажеттігі қарастырылуда. Осыған байланысты әрбір күзет ұйымының санаты үшін біліктілік талаптарын бекіту ұсынылады.

Бетті жүргізуші Меірпаш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru